

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы	«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы				
Топ	Ортаңғы топ				
Топ атауы	«Айшуақ»				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кенжеғазы Мадина				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	12.09-16.09.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру; балаларға қолайлы орта туғызу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстелдің үстіне	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үйді өз бетінше	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Балаларды сумен

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін көрсету.	тазалауын, табиғат мүйісіндегі мекендеушілерге күтім жасау дағдыларын қалыптастыру.	ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге үйрету.	өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көгөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуды үйрету.	жұмыс істегенде гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету: жеңдерінді түріңдер, матаны сулаңдар, сығыңдар, құрғатыңдар, лас болған кезде шайыңдар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.
	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, маусымдық өзгерістерді талқылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту,	"Керекті киімді тап" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге баулу, зейінді, есте сақтауды және логикалық ойлауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)	"Менің үйім" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Бөлшектерден үй жасауды үйрету, оның неден тұратынын айту. (құрастыру)	"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістіктік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді

		қоршаған ортамен танысу)			топтастыру; балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелермен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ алшак, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "Міне!" дейді. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй	"Сөйлемді толықтыр" дидактикалық ойыны.	"Ол қандай?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Есту және есте	"Бұл ненің жапырағы?" дидактикалық ойыны.	"Жәндіктер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.

	мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамыз, күлеміз, Бар әлемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бір жүреміз. (сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттері. Сөйлемдерді қарама-қарсы мағыналы сөзбен толықтыруды үйрету, зейінін дамыту. Барысы: педагог сөйлемді бастайды, ал балалар оны аяқтайды, олар тек қарама-қарсы мағынадағы сөздерді айтады. Мысалы: қант тәтті, ал бұрыш ... (ащы). (сөйлеуді дамыту)	сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету. Барысы: заттың атын атап, баланы осы заттың қалай көрінетінін, қандай формада болатынын, содан кейін ол ұсынған барлық нәрселерді сипаттауды сұрайды. Мысалы: жұмыртқа сопақша пішінді, түсі ақ немесе қоңыр, шикі немесе қайнатылған, іші ақ және сары. Тек заттың белгілерін айтып қана қоймай, оның суретін де салдыруға болады. (сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттері. Өсімдікті жапырағынан тануды үйрету, зейінін дамыту. Барысы: ағаштардың жапырақтарын балаларға көрсетеді. Балалар жапырақтың қай ағашқа тиесілі екенін анықтайды. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Жәндіктердің күзгі тіршілігі туралы ойларын нақтылау және кеңейту, жәндіктерді сын-сипатына қарай сипаттауға үйрету, барлық тіршілік иелеріне қамқорлыққа тәрбиелеу және зейінді дамыту. Барысы: балалар 2 топқа бөлінеді. Бірінші топ жәндіктерді сипаттайды, ал екіншісі оның қандай жәндік екенін табуы керек. Жұмбақтарды қолдануға болады. Содан кейін топтар ауысады. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Білім беру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі

ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	"Шеңберге өз еркімізмен тұрамыз" Мақсат-міндеттері. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүруге, педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен жүру және баяу жүдруден кейін, жылдам ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсу, тізені жоғары көтеріп, денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; екі аяғымен ұзындыққа секіру және екі топ бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату іскерліктерін жетілдіру; қимыл	"Әдемі шеңбер жасайық" Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату техникасын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, қимылды ойын арқылы допты гимнастикалық шеңберге кіргізу іскерліктерін жетілдіру. "Допты шеңберге кіргіз" қимылды ойын. Мақсат-міндеттері. Допты гимнастикалық шеңберге кіргізу.	"Әлди-әлди" Мақсат-міндеттері. Балаларды әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. "Фестиваль" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға өз өнерлерін достарының алдында қысылмай көрсетуге үйрету. Өнерге қызығушылықтарын	"Епсіз қонжық" Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп, аяқтың ұшымен жүруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. "Пойыз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Паровоздың дыбысын шығарып, ақырын жүруді және жүрістерін біртіндеп жиілетіп жүруді үйрету.	"Сәлем - сөздің анасы. Кел, танысайық!" Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдау, түсіну, қабылдауды үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсініп, қарым-қатынаста қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
--	---	---	---	---	---

	ойыны арқылы допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту. "Шеңбердегі доп" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту.		дамыту.		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (дербес әрекет)				
Серуен	Суды бағдарлау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттерін тануға қызығушылықтарын дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндік	Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Аспанның ашық не бұлтты болғанын, бұлттардың аспанда ұшатынын байқауға бейімдеу; зияткерлікке тәрбиелеу. Әртүрлі табиғи құбылыстармен	Құстарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Күздегі құстардың тіршілігі туралы түсініктерді толықтыру; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Аспаннан жаңадан ұшып келген құстарды байқау,	Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ағаштар қыста қалай қыстап шыққанын тексеру.	Суды бағдарлау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттерін тануға қызығушылықтарын дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға пластик стакандарға құйылған суды бояуға мүмкіндік

	береді; судың кез келген бояуларға боялу қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі. "Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып	танысуды жалғастыру. Күн райының қандай екенін ажыратуды үйрету (ашық, бұлтты бұлттар, жаңбыр). "Қимыл ойлап табу" қимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Ой-қиялды, вестибуляр аппаратын дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтінді айтып, оңға немесе солға жүреді.	атау ерекшеліктерін салыстыру. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен	Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады? - Тағы қандай өзгерістер болады? - Ағаштар ауаның ластанудан тазалайды. Адамдар ағаштарды көп отырғызады. «Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. "Допты қуып жетіндер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың доп	береді; судың кез келген бояуларға боялу қасиеттерін бақылап, ойларымен бөліседі. "Мысық пен тышқандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, берілген рөлдерді атқаруға, шартты бұзбауға бейімдеу; қимыл-қозғалыс координациясын, кеңістікті бағдарлауды дамыту; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "мысық" болып
--	---	---	---	--	---

	тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді. Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірлейді барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Соңғы сөздерді	Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қол ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бәріміз достасып, Бір орында тұрысып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қолсозым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай да бір қимылды көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушысын ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. "Бағбан мен гүлдер" қимылды ойыны. (дене	ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "- шығалар" немесе "- лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ женеді. Құралдары: екі түрлі таңбалауыштар (қаршығалар мен қарлығаштар).	ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. Еңбек әрекеті: өскіндерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру.	тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - "тышқандар". "Мысық" алаңның бір шетінде ұйықтаған болып отырады. "Тышқандар" алаңның екінші жағынан тақпақ сөздерін айтып, тышқандардың қимылына еліктеп, "мысыққа" қарай жүреді. Тышқан шықты інінен, "Сағат неше болды?"- деп, Бауды тартып қалып еді, Дүңгірлейді барлық жер. Тышқан қорқып қайтадан, Кіріп кетті ініне. Соңғы сөздерді
--	---	--	--	---	---

	естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, оларды ұстап алмақшы болады. "Ұстап алу" - балаға қолды ақырын тигізу болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойын жүргізушісін ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету. Еңбек әрекеті:	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ептілік пен шапшаңдықты дамыту, алаңның қарсы бөлігіне қуғыншыдан қашуды үйрену. Дене тәрбиесі бойынша жекелей жұмыс: кеңістікті бағдарлауға арналған жаттығулар. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен ұсақ бұта, жапырақтардан тазалау. Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	Еңбек әрекеті: құмды құмсалғышқа шеттерінен ішке қарай сыпырып жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды тазалыққа тәрбиелеу. "Себетке допты лақтыр" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды доп ойындарына тарту; дәлдікке, мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу. Педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топ ортасында себет тұрады. Балалар допты жерге лақтырғанда, оны секіртіп, себетке түсіру керек. Себетке көп доп лақтырған	Балалардың еркін ойындары.	естіген "мысық" "тышқандарға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, оларды ұстап алмақшы болады. "Ұстап ал"у - балаға қолды ақырын тигізу болып саналады. Ұсталғандар келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "мысық" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойын жүргізушісін ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. "Түзу жолмен" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Биік емес бөрене үстімен жүріп, екі аяқты бүгіп секіруді үйрету. Еңбек әрекеті:
--	---	---	--	--	--

	өскіндерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.		балалар тобы жеңіске жетеді. Құралдары: себеттер мен доптар. "Құстар" туралы ертегі айту. Мақсат-міндеттері. Бақылау кезінде құстарды бақылай отырып, елесту арқылы қиялдарын дамыту. (көркем әдебиет)		өскіндерді суару. Мақсат-міндеттері. Балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Математика негіздерінен ойын- жаттығу. "Күн тәртібі". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәулік бөліктері жөнінде түсініктер беру; "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" ұғымдарын қалыптастыру; күн	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Достарға саты". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрылыс материалы текше туралы түсініктерін арттыру; текшенің қасиеттері жөнінде алған білімдерін іс- тәжірибеде, ойын барысында	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Жаңбырда өскен саңырауқұлақ". Мақсат-міндеттері. Балаларды қарындаш арқылы саңырауқұлақ пен жауып жатқан жаңбыр тамшыларын салуды үйрету; композиция жөнінде	Қоршаған ортамен танысудан ойын- жаттығу. "Күзгі бақ" Мақсат-міндеттері. Балаларды балабақша ауласындағы күзгі бақпен таныстыра отырып, күздің қарапайым өзгерістері мен	Сөйлеуді дамытудан ойын- жаттығу. "Күн" мен "түн" суреттері бойынша әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Балаларға тәулік бөліктері - күн мен түн құбылыстары туралы, олардың табиғат пен адам

	тәртібін пысықтау; "үлкен - кішкентай", "бір-бірден", "жоғары-төмен" ұғымдарын пысықтау. Сюжетті-рөлдік ойын "Қуыршақты тамақтандыр". Мақсат-міндеттері. Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырғыштармен ойындар ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту, құрастыру) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қалпақты өсімдіктер" Мақсат-міндеттер. Балалардың жеуге жарамды және	жетілдіру; екі текшеден құрылған екі бағанды бірі-біріне қосып, тіреп, екі жақтан бір текшеден тағы да тіреп қойып, жасалған сатының қырлары мен бұрыштарын қолмен түзеп отыруды үйрету. "Қимылдарды ұқсат" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Театрландырылған ойын арқылы балалардың сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту. Педагог: - Балалар, кіп-кішкентай балалар қалай жүреді? (Балалар аяқтың	түсінік беру; саңырауқұлақтың жаңбырдан кейін едәуір жылдам өсетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". (сөйлеуді дамыту) Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақты бұлғау) Қолға шатыр алайық. (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелдің бетін соққылау) Жамылып отырайық. (алақандармен бас төбесін жабу) "Үй құрылысының	ерекшеліктерін бақылауды үйрету. Дидактикалық ойын: "Жапырақтарды түсіне қарай топта". Мақсат-міндеттері. Екі топқа әуен біткенше жапырақтарды түстеріне қарай топтауды үйрету. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) "Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту,	өміріне пайдасы туралы әңгімелеу; түрлі сөздік ойындарда ересектің соңынан сөздер мен сөз тіркестерін қайталап, айтқанын қимылдармен сүйемелдеуді үйрету. Сөздік жаттығу. "Есімде не қалды?" Мақсат-міндеттері. Паннода немесе үстел үстінде тұрған ойыншықтардың атауын қазақ тілінде атайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Вариативті компонент/Шығармашылық "Бақа". Мақсат-міндеттері. Балаларға бақа туралы ұғым беру; бақа денесінің құрылымы туралы
--	---	--	---	---	---

	жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру; жаңбырдан кейін саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуінің әсері жайлы білімдерін кеңейту; тіршілік қауіпсіздігін сақтауға үйрету; табиғат әлемі туралы түсінік беру.	арасын сәл ғана ашып, адымдап жүреді. Кейін аяқтарының арасын үлкенірек ашып, адымдап жүреді.) - Қарт аталар қалай жүреді? - Ханшайым қалай жүреді? - Тоқаш қалай домалайды? - Сұр қасқыр орманда қалай серуендейді? - Қоян құлақтарын тегістеп қалай қашады? (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Түстерді ажыратуды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процестерін дамыту. (құрастыру, сөйлеуді дамыту)	математика негіздері)	білімдерін кеңейту; табиғат әлеміндегі бақаның тіршілік ортасы туралы мағлұмат беру; бақаны қағаз бетіне жапсырудың тәсілдеріне дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыру және топтастыруды үйрету. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)
Балалармен жеке	Апта күндерін	"Табиғат әлемі"	"Күзде" тақпақ	"Күз" туралы	Күз мезгілінің

жұмыс	жаттау. Мақсат-міндеттері. Апта тақырыбына байланысты тақпақтар жаттау. (сөйлеуді дамыту)	тақырыбында сюжетті суреттерге әңгіме құрастыру. Мақсат-міндеттері. "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту)	айтқызу. Ескен Елубаев "Күзде". Қайтқан құсты көрдің бе, Қаптай ұшқан әуелеп? Күткен күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз! (сөйлеуді дамыту)	сюжетті суреттерге әңгіме құрау. Мақсат-міндеттері. "Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. (сөйлеуді дамыту)	ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінде болатын табиғат ерекшеліктеріне байланысты жұмбақтар шешу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Балалардың үйге қайтуы (ата- аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: "Бала жиі ашуланатын болса"; "Баланың белсенділігі - денсаулығының кепілі"; Психолог кеңесі. "Баланы ұрып тәрбиелеуге бола ма?"				

Тексерген: Бекишева М.А. 